

**2012 жылы жасы он жетіге толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру
учаскесіне есепке тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы N 15 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 13 қаңтарда N 5-18-140 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 07 тамыздағы N 04-09/2032 хаты)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 07 тамыздағы N 04-09/2032 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес Үржар ауданының
ә к і м і **Ш Е Ш Т І :**

1. 2012 жылдың қаңтар-наурызда 2012 жылы жасы он жетіге толатын еркек жынысты азаматтарды есепке тіркеуді өткізу «Үржар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде
ұ й ы м д а с т ы р ы л с ы н .

2. «Үржар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне есепке тіркеуді уақытылы және сапалы өткізу мақсатында шақыру учаскесін дайындау және заңнамамен белгіленген шараларды қабылдау
ұ с ы н ы л с ы н .

3. «Үржар ауданының № 1 медициналық бірлестігі» коммуналды мемлекеттік казыналық кәсіпорнына жасөспірімдерді сапалы медициналық куәландыру үшін дәрігер-мамандар мен орта медициналық қызметкерлерінің қажетті санымен
қ а м т а м а с ы з е т у ұ с ы н ы л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Аудан әкімі

Б. Жанақов

Келісілді:

«Үржар ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ. Құлсеитов
26 желтоқсан 2011 ж.

«Үржар ауданының № 1
медициналық бірлестігі»
коммуналды мемлекеттік
казыналық кәсіпорынның директоры Б. Мадрахимов
26 желтоқсан 2011 ж.